

"Мөддір бұлақ" бөбекжай - бақшасы

"Көбелек" ортаңғы тобы

# Сюжетті- рөлдік ойындар

## "Дүкен"

Тәрбиеші: Сапаева .Э

2025 - 2026 оқу жылы

## Сюжетті-рольдік ойын: «Дүкен»

**Мақсаты:** Балалардың сауда жасау дағдыларын дамыту, сөздік қорын молайту, сыпайы сөйлесу мәдениетін қалыптастыру, рөлге еніп ойнауға үйрету.

1. Сөйлеу мәдениетін дамыту: Балаларға сыпайы сөйлесу, сұрақ қою, жауап беру, алғыс айту сияқты қарым-қатынас дағдыларын үйрету.
2. Әлеуметтік дағды қалыптастыру: Күнделікті өмірде дүкенге бару, сауда жасау сияқты әрекеттерді меңгерту.
3. Рөлге еніп ойнау: Әр бала өз рөлін сезініп, сол рөлге сәйкес әрекет етуді үйренеді (сатушы, сатып алушы, кассир, кеңесші).
4. Сан және ақша ұғымдарын бекіту: Тауар бағасын санау, ақша беру және қайтара білу дағдыларын дамыту.
5. Бірлесіп әрекет ету: Балалар бірігіп жұмыс істеуге, тыңдауға, кезек күтуге үйренеді.

**Қатысушылар:** Сатушы, екі сатып алушы, бақылаушылар (қалауы бойынша – күзетші, кассир, кеңесші т.б.)

**Қажетті құралдар:** Ойыншық тауарлар (жеміс-жидек, киім, азық-түлік т.б.), ойын ақша, сөре, касса аппараты, шот, дорба, т.б.

### Ойын барысы:

Тәрбиеші: – Балалар, бүгін біз "Дүкен" ойынын ойнаймыз. Бұл ойында кім сатушы болғысы келеді? Ал кім сатып алушы? Қалғандары – бақылаушылар немесе қосымша рөлдер.

(Балалар рөлдерді бөлісіп алады.)

### Сахналасу үлгісі:

(Сахна ашылады. Сатушы сөреде заттарды реттеп жатыр. Сатып алушы дүкенге кіреді.)

Сатып алушы 1: – Сәлеметсіз бе!

Сатушы: – Сәлеметсіз бе! Қош келдіңіз! Көмек керек пе?

Сатып алушы 1: – Иә, маған бір нан, бір сүт және бір килограмм қант керек еді.

Кеңесші: – Нан мына сөренің үстінде, ал сүт тоназытқышта. Қант төменгі сөреде тұр.

Сатып алушы 1: – Рақмет! (Заттарды алады.)

Сатушы: – Барлығы 1300 теңге болады.

Сатып алушы 1: – Міне, ақшам. (Ақша береді.)

Кассир: – Рақмет! Міне, түбіртек пен қайтаратын ақшаңыз.

Сатып алушы 1: – Рақмет! Келесіде тағы келемін! Сау болыңыздар!

Сатушы: – Сау болыңыз!

(Келесі сатып алушы кіреді.)

Сатып алушы 2: – Сәлеметсіз бе! Жаңа піскен алма бар ма?

Сатушы: – Иә, бүгін келген. Қызыл және жасыл сорттары бар.

Сатып алушы 2: – Маған қызылынан 1 кг өлшеп беріңізші.

Сатушы: – Міне, 1 кг алма – 900 теңге. Тағы бірдеңе керек пе?

Сатып алушы 2: – Иә, шырын мен шоколад керек еді.

Кеңесші: – Шырын мына қатарда, шоколад мына сөреде.

Сатып алушы 2: – Міне, барлығын алдым. Қанша төлеймін?

Сатушы: – Барлығы 1800 теңге.

Сатып алушы 2: – Міне, 2000 теңге.

Кассир: – Міне, 200 теңге қайтарамын. Түбіртекпен бірге алыңыз.

Сатып алушы 2: – Рақмет! Керемет қызмет!

Сатушы: – Рақмет! Келесіде күтеміз!

**Талдау:**

Ойыннан кейін тәрбиеші төмендегідей сұрақтар арқылы ойынды қорытындылайды:

1. Сатушы мен сатып алушы қалай сөйлесті?
2. Кім сыпайы, нақты сөйледі?
3. Ақшаны дұрыс санадыңдар ма?
4. Сауда жасау оңай ма екен?
5. Бұл ойында не ұнады?

